

**«ҚАЗПОШТА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ  
2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
ЕСЕП**

**«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің**

**Нұр Сұлтан, 2021ж.**

**Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің  
2020 жылғы қызметі туралы  
ЕСЕП**

**1. «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің қызметін ұйымдастыру**

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның директорлар кеңесіне толық есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен бекітілген «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің қызметінің мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады.

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің міндеттері мәселелерді терең әрі мұқият қарап, Қоғамның директорлар кеңесіне мыналар бойынша ұсыныстар беру болып табылады:

1) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың қызметін бағалау, олардың сабақтастығын жоспарлау мәселелеріне, сондай-ақ тәуелсіз директорлыққа үміткерлерге сыйақы мөлшері жөніндегі ұсыныстар;

2) Басқарма құрамына, корпоративтік хатшы лауазымдарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де лауазымдар бойынша үміткерлерді сайлау (тағайындау) мәселелері;

3) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ өзге де жұмыскерлерге мотивациялық ПӘК қою мәселелері;

4) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға және өзге де жұмыскерлерге сыйақы беру және олардың сабақтастығын жоспарлау мәселелері;

5) Қоғамның орнықты дамуының әлеуметтік және экологиялық мәселелері.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

2020 жылы **Тағайындау және сыйақы комитетінің төрағалары:**

1) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 2 наурызға дейін - тәуелсіз директор Марк Дэвид Хьюз;

2) 2020 жылғы 5 наурыздан бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін - тәуелсіз директор Кирюхин Олег Михайлович.

3) 2020 жылғы 28 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Қоғамның тәуелсіз директоры Луис Медейрос тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасы болып табылады.

Тәуелсіз директордың тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы болып табылу тәжірибесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап береді, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесі болып табылады.

2020 жылы Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамы үш мәрте өзгертілді:

Комитеттің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 2 наурызға дейінгі құрамы:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (02.03.2020 жылғы жай-күйі бойынша)</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>
1	Марк Хьюз	«Қазпошта»АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы – «Қазпошта» АҚ тәуелсіз директоры»;	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 2 наурызға дейін
2	Кирюхин Олег	«Қазпошта»АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар	2018 жылғы 6 қыркүйектен

		жөніндегі комитетінің мүшесі - "Қазпошта" АҚ тәуелсіз директоры»;	бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін
3	Саудабаев Серик Болатович	Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі, "Самұрық-Қазына» АҚ активтерді басқару дирекциясының "Коммуникация" секторының басшысы	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін

2020 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 55-бабы 4-тармағында көзделген тәртіппен тәуелсіз директор Марк Дэвид Хьюздің өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Осыған байланысты 2020 жылғы 5 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 02/20 хаттама) комитеттің жаңа құрамы сайланды:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (05.10.2020 жылғы жай-күйі бойынша)</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>
1	Кирюхин Олег	"Қазпошта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы - "Қазпошта" АҚ Тәуелсіз директоры»;	2020 жылғы 5 наурыздан бастап 5 қазанға дейін
2	Жуков Дмитрий Николаевич	"Қазпошта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі - "Қазпошта" АҚ Тәуелсіз директоры»;	2020 жылғы 5 наурыздан бастап 2020 жылғы 05 қазанға дейін
3	Саудабаев Серик Болатович	Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі, "Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару дирекциясы "Коммуникация" секторының басшысы	2018 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 05 қазанға дейін

2020 жылғы 5 қазанда Жалғыз акционер:

1) Тәуелсіз директорлар Дмитрий Николаевич Жуков пен Олег Михайлович Кирюхиннің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2) Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайланды – Тәуелсіз директорлар Эшонқұлов Бахтиер Назаралиұлы және Луис Медейрос (Luis Medeiros).

Осыған байланысты 2020 жылғы 28 қазанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/20 хаттама) Комитеттің сандық құрамы 3 адам, сондай-ақ Комитеттің жаңа құрамы белгіленді:

<b>Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (31.12.2020 жылғы жай-күйі бойынша)</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Комитет мүшесі</b>
1	Луис Медейрос	"Қазпошта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы - "Қазпошта" АҚ Тәуелсіз директоры	С 28 октября 2020 года по настоящее время
2	Жандосов Ораз Алиевич	"Қазпошта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар	С 5 марта 2020 года по настоящее время

		жөніндегі комитетінің мүшесі - "Қазпошта" АҚ Тәуелсіз директоры	
3	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	"Қазпошта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі - "Қазпошта" АҚ Тәуелсіз директоры	С 28 октября 2020 года по настоящее время

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет "Самұрық-Қазына" АҚ Активтерді басқару дирекциясының "Коммуникациялар" секторының аға менеджері А.М. Дагарованың Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің сарапшысының жұмысына оң баға береді, ол Комитет жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал ететін қажетті кәсіби білімі бар, жоғары білікті маман болып табылады.

## **2. «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақы комитетінің 2020 жылғы қызметі**

2019 жылғы 29 қарашада Тағайындау және сыйақы комитеті 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Есепті кезеңде Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет 8 күндізгі отырыс өткізді. Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттер отырыстарының күн тәртібіне сәйкес 38 мәселе қаралды, қаралған мәселелер бойынша Қоғамның директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Есепті кезеңде Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

2020 жылы COVID-19 пандемиясына, Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және басқа да өңірлерде карантиндік режим енгізілуіне байланысты, Қоғам қызметін үздіксіз қамтамасыз ету және Қоғам қызметінің үздіксіздік жоспарының шараларын іске асыру, сондай-ақ ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында Комитет жыл бойы әрбір күндізгі отырыста **«Коронавирустық инфекцияның (Covid19) «Қазпошта» АҚ қызметіне әсерін азайту бойынша шаралар туралы»** мәселені қарады.

### ***Кадр мәселелері бойынша***

Тағайындау және сыйақы Комитеті Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

- 1) «Қазпошта» АҚ Басқармасының құрамы туралы;
- 2) «Қазпошта» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2020-2023 жылдарға арналған ұзақ мерзімді кезеңге арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы;
- 3) «Қазпошта» АҚ Басқарма мүшелерінің кадрлық резервін қарау туралы;
- 4) «Қазпошта» АҚ омбудсмені қызметінің 2020 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы;
- 5) «Қазпошта» АҚ Корпоративтік хатшысы аппаратының кейбір мәселелері туралы («Қазпошта» АҚ Корпоративтік хатшысының 2019 жылғы, 2020 жылдың бірінші, екінші, үшінші және төртінші тоқсандар бойынша есебі және "Қазпошта" АҚ Корпоративтік хатшысы аппараты жұмыскерлерінің нәтижелілік көрсеткіштері );
- 6) «Қазпошта» АҚ Басқармасы қызметінің 2020 жылға арналған қысқа мерзімді кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы;
- 7) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамы туралы;
- 8) «Қазпошта» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың қысқа мерзімді – 2020 жылға арналған жаңа редакциядағы нысаналы мәндерін бекіту туралы;
- 9) «Қазпошта» АҚ омбудсменін сайлау туралы;

- 10) «Қазпошта» АҚ Басқармасының кейбір мәселелері туралы;
- 11) «Қазпошта» АҚ Басқарма Төрағасы К.К. Алпысбаевқа басқа заңды тұлғалардағы лауазымға орналасуына келісім беру туралы ;
- 12) орталық аппараттың ұйымдастырушылық құрылымын қарау, Орталық аппараттың жалпы санын бекіту, «Қазпошта» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымының сипаттамасы мен бағалануы, Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы аппараты, комплаенс-бақылау қызметі, «Қазпошта» АҚ омбудсмені жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының сұлбасы туралы»;
- 13) «Қазпошта» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2021 жылғы қысқа мерзімді кезеңге арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы.

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет отырыстары аясында кадр резервіне үміткерлермен, басқарма мүшелерімен сұхбаттар өткізіліп, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған тиісті ұсынымдар берілді. Сондай-ақ, «Қазпошта» АҚ Басқарма мүшелерінің кадрлық резервіне енгізілген жұмыскерлерді дамытудың жеке жоспарлары қаралды.

Комитет өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға бірде-бір адамның қатыспауын қамтамасыз етті.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның нарықтағы тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның басшыларға деген қажеттілігіне мезгіл-мезгіл талдау жүргізеді.

### ***Сыйақы мәселелері бойынша***

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1) Басқарма мүшелері лауазымдарының сипаттамалары мен бағалануын, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы аппараты, комплаенс-бақылау қызметі және «Қазпошта» АҚ омбудсмені жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының сұлбасын бекіту туралы;

2) 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау және оларға сыйлықақы беру туралы мәселені қарау туралы.

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет бірде-бір адамның өзінің сыйақысымен шешімдер қабылдауға қатыспауын қамтамасыз етті.

Көтермелеу мөлшерін белгілеу кезінде Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет жұмыскерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті төлемдердің мөлшерін белгіледі, сондай-ақ Комитет атқарушы органның ынталандыру жүйесіне, атап айтқанда ұзақ мерзімді құрамдас бөлікке, үлкен көңіл бөледі.

### ***Әлеуметтік мәселелер бойынша***

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1) 2019 жылғы «Қазпошта» АҚ әлеуметтік тұрақтылық индексі анықтау бойынша зерттеу нәтижелерін қарау туралы;

2) 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ омбудсменінің есебін қарау туралы;

3) «Қазпошта» АҚ омбудсменінің 2020 жылға арналған ПӨК картасын бекіту туралы.

### ***Директорлар кеңесі қызметінің мәселелері бойынша***

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

- 1) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесі қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін қарау туралы;
- 2) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарын қарау туралы;
- 3) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- 4) 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің есебін қарау туралы;
- 5) 2021 жылға арналған «Қазпошта» АҚ Корпоративтік хатшысы мен Корпоративтік хатшының аппараты жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

**Тұрақты даму мәселелері бойынша** Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсынымдарды қарап, ұсынды:

- 1) 2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ-ның орнықты дамуы туралы есепті қарау туралы;
- 2) «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылғы жылдық есебін бекіту туралы, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ-ның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі жөніндегі ақпаратты қарау туралы.

*2-кесте. 2020 жылы Комитеттің отырыстарына қатысу*

<b>Тағайындау және сыйақылар комитеті мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы</b>				
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Барлық отырыстар (саны)</b>	<b>Отырыстарға қатысу (саны)</b>	<b>Отырыстарға қатысу (%)</b>
1	Марк Дэвид Хьюз	1	1	100
2	Кирюхин Олег Михайлович	7	7	100
3	Саудабаев Серик Болатович	7	7	100
4	Жуков Дмитрий Николаевич	6	6	100
5	Луис Медейрос	1	1	100
6	Жандосов Ораз Алиевич	1	1	100
7	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	1	1	100

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағалары Марк Хьюз және Луис Медейрос Басқарма мүшелерімен, омбудсменмен және «Қазпошта» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен бірқатар кездесулер өткізді.

### **3. Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің қызметін бағалау**

Комитеттің 2019 жылғы қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау шеңберінде жүргізілді. 2019 жылғы өзін-өзі бағалау нәтижелері Қоғамның

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 19 мамырдағы отырысында қаралды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша қызметті жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды.

Комитеттің 2020 жылғы қызметін бағалау 2021 жылы Корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде жүргізілетін болады.

#### **4. Қорытынды**

2020 жылы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, міндеттері мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін жан жақты қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған сараланған және жан жақты ұсынымдар берді.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тағайындау саясаты мен сыйақының Қоғамның стратегиялық міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз етті.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырғанын және Қоғамның корпоративтік басқару рейтингін артуына оң әсер еткенін атап өткен жөн.